

## Ақпаратқа қол жеткізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 21-баптан қараңыз.**

**Колданушылар назарына!**

**Колданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.**

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу және тарату жөніндегі әркімнің конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындастын қоғамдық қатынастарды реттейді.

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпарат – кез келген нысанда тіркелген тұлғалар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар және процестер туралы мәліметтер;

2) ақпаратқа қол жеткізу – мемлекет кепілдік берген, Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында бекітілген, ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен әркімнің еркін алу және тарату құқығы;

2-1) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган – ақпаратқа қол жеткізу саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) ақпарат пайдалануши – ақпаратты сұрататын және (немесе) пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

4) ашық бюджеттердің интернет-порталы – бюджеттік есептілікті, шоғырландырылған қаржылық есептілікті, азаматтық бюджетті, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін орналастыруды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар жобаларын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді жария талқылауды қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

5) ашық деректер – машинада оқылатын түрде ұсынылған және одан әрі пайдалануға, өзгертілген түрде қайта жариялауға арналған деректер;

6) ашық деректердің интернет-порталы – ашық деректер бойынша сипаттаушы және сілтемелік ақпараттың орталықтандырылған сақталуын қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

6-1) ашық диалогтың интернет-порталы – мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының

блог-платформасы арқылы ақпарат пайдаланушылардың сұрау салуды жіберу, сондай-ақ ақпарат пайдаланушылардың интернет-конференцияларға және сауалнамаларға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

7) ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталы – жария талқылау рәсімін жүргізу үшін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын және осы Занға сәйкес өзге де ақпаратты орналастыруды қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

8) қол жеткізу шектелген ақпарат – мемлекеттік құпияларға, жеке басының құпиясына, отбасылық, банктік, коммерциялық құпияға, медицина қызметкерінің құпиясына және (немесе) заңмен қорғалатын өзге де құпияларға жатқызылған ақпарат, қолжетімділігі шектеулі дербес деректер, сондай-ақ "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар қызметтік ақпарат;

8-1) мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының блог-платформасы – азаматтардың сұрау салуды жіберу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларынан оларға жауап алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

9) алып тасталды – ҚР 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы – мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын орналастыруға арналған технологиялық платформа;

11) мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет-порталы – мемлекеттік органдардың қызметін бағалау туралы ақпаратты, стратегиялық жоспарлардың және аумақтарды дамыту бағдарламаларының мақсатты индикаторларына қол жеткізу туралы есептерді орналастыруды, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметін жария талқылауды қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

11-1) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) сұрау салу – ақпарат иеленушіге осы Занда белгіленген тәртіппен айтылған немесе жіберілген, ауызша немесе жазбаша нысандағы, оның ішінде электрондық құжат түріндегі ақпарат беру туралы өтініш.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.03.2021 № 15-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 96-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

## **3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады және қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатпайтын ақпаратқа қол жеткізумен байланысты қоғамдық қатынастарда пайдаланылады.

2. Осы Заңның күші қарау тәртібі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық, әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамасында белгіленген жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қолданылмайды.

3. Осы Заңның күші "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сұрау салуларды қарау тәртібіне қолданылмайды.

4. Осы Заңның күші "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделгендік ақпарат құралдарына ақпарат беру тәртібіне қолданылмайды.

**Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 94-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **4-бап. Ақпаратқа қол жеткізууді қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары**

Ақпаратқа қол жеткізууді қамтамасыз ету мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) ақпарат иеленушілер қызметінің ашықтығы мен айқындығы;
- 3) анықтығы мен толықтығы;
- 4) өзектілігі мен уақтылығы;
- 5) ақпаратқа тең қол жеткізу;
- 6) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды жария етпеу;
- 7) жеке өмірге, жеке басының және отбасының құпиясына қол сұқпау;
- 8) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау.

## **5-бап. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеу**

Ақпаратқа қол жеткізу құқығы тек заңдармен және конституциялық құрылышты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сактау мақсатында қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін.

## **6-бап. Қол жеткізуге шектеу қойылмайтын ақпарат**

Мынадай:

1) азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлар мен апартар және олардың салдарлары туралы, сондай-ақ дүлей зілзалалар, олардың ресми болжамдары мен салдарлары туралы;

2) денсаулық сактау саласының, санитарияның, демографияның, көші-қонның, білім берудің, мәдениеттің, әлеуметтік қорғаудың, экономиканың, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы, сондай-ақ қылмыстық ахуал туралы;

3) терроризм актілерін жасау фактілері туралы;

4) экологияның, өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы;

5) жеке және заңды тұлғаларға мемлекет беретін артықшылықтар, өтемақылар және женілдіктер туралы;

6) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы;

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервінің мөлшері туралы;

8) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтінін, сондай-ақ олардың жобаларын қамтитын;

9) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының қалыптастырылуы мен олардың жұмсалуы туралы;

10) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражаттың жұмсалуын бақылау туралы;

11) ақпарат иеленушілердің, олардың лауазымды адамдарының заңдылықты бұзу фактілері туралы;

12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылатын ақпаратты қоспағанда, саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай құғын-сүргін туралы, оның ішінде архивтегі ақпаратқа қол жеткізу шектелуге жатпайды.

## **6-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақпаратқа қол жеткізу саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын өзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.

Ескерту. 6-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 6-2-бап. Уәкілетті органдардың құзыреті

1. Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган:
  - 1) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;
  - 2) алып тасталды - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
  - 3) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін мониторингтеу мен ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;
  - 4) ақпарат иеленушілерге ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді;
  - 5) ақпарат иеленушілермен және пайдаланушылармен ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;
  - 6) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекітеді;
  - 7) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекітеді;
  - 8) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекітеді;
  - 9) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ашық диалогтың интернет-порталында жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;
  - 10) ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесін бекітеді;
  - 11) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
  - 12) жыл сайын, 1 маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасындағы ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жылдық есепті ұсынады;

13) Қазақстан Республикасында ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жылдық есепті өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

13-1) көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындардың мөлшерін және оларды ақпарат иеленушіге төлеу тәртібін, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарын көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындарды төлеуден босату тәртібін айқындайды;

13-2) ақпарат иеленушілердің ашықтық стандартын әзірлейді және бекітеді;

14) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 2. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган:

1) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік саясатты ақпараттандыру объектілерінде қамтылған электрондық ақпараттық ресурстарды жасау, іздеу, жинау, жинақтау, сақтау, өндеу, алу, пайдалану, өзгерту, көрсету, тарату және беру бөлігінде іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) қол жеткізу шектелген ақпаратты қоспағанда, ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ашық деректердің интернет-порталында мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінде қамтылған деректерді кейіннен орналастыру мақсатында оларға талдау жүргізеді;

3) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпаратпен толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекітеді;

4) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-2-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.10.2023 № 31-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 7-бап. Ақпарат пайдалануышының құқықтары мен міндеттері

### 1. Ақпарат пайдалануышының:

- 1) заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпарат алуға және таратуға;
- 2) ақпарат беру туралы сұрау салумен өтініш жасауға;
- 3) алынатын ақпараттың нақтылығы мен толықтығын тексеруге;

- 4) сұрау салуды кері қайтарып алуға;
  - 5) ақпарат алу қажеттілігін негіздемеуге;
  - 6) ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне, лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;
  - 7) өзінің ақпаратқа қол жеткізуге құқығын бұзумен келтірілген материалдық залалдың және моральдық зиянның заңда белгіленген тәртіппен өтелуін талап етуге құқығы бар.
2. Ақпарат пайдалануши осы Заңның талаптарын сақтауға міндетті.

## **8-бап. Ақпарат иеленуші**

Мыналар:

- 1) мемлекеттік биліктің, жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың заң шығаруши, атқаруши және сот тармақтарының органдары мен мекемелері;
- 2) мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер;
- 3) квазимемлекеттік сектор субъектілері;
- 4) мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражатты пайдалануға қатысты ақпарат бөлігінде – бюджет қаражатын алушылар болып табылатын заңды тұлғалар;
- 5) өздері өндіретін (өткізетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына қатысты ақпарат бөлігінде - мемлекеттік монополия, арнайы құқық субъектілері;
- 6) экологиялық ақпаратқа, төтенше жағдайлар, табиғи және техногендік апаттар, олардың болжамдары мен салдарлары, өрт қауіпсіздігінің жай-куйі, санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі және азаматтардың денсаулығына, елді мекендердің және өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге теріс әсер ететін басқа да факторлар туралы ақпарат бөлігінде – заңды тұлғалар;
- 7) орталық және (немесе) жергілікті атқаруши органдардың функцияларын орындаушылар ақпарат иеленушілер болып танылады.

**Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.01.2022 № 101-VII (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **9-бап. Ақпарат иеленушінің құқықтары мен міндеттері**

1. Ақпарат иеленушінің:
  - 1) құзыретіне сұратылатын ақпаратты беру кіретін тиісті ақпарат иеленушіге сұрау салу жіберуге;

- 2) сұрау салумен өтініш жасаған адамнан сұрау салудың мазмұнын нақтылауға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша ақпарат беруден бас тартуға құқығы бар.

2. Ақпарат иеленуші:

- 1) ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге;
- 2) ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге қажетті ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да жағдайларды өз өкілеттіктері шегінде қамтамасыз етуге;
- 3) анық және толық ақпарат беруге;
- 4) берілетін ақпаратта лауазымды адам туралы мәліметтердің сәйкестендіру үшін жеткілікті көлемде болуын қамтамасыз етуге;
- 5) ақпарат берудің заңда белгіленген мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етуге;
- 6) сұрау салулардың есебін, жинақтап қорытуды және талдауды жүргізуге;
- 7) ақпарат беру кезінде мүгедектігі бар адамдар үшін қажетті жағдайлар жасауға;
- 8) ақпарат қамтылған интернет-ресурстардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
- 9) ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету саласындағы лауазымды адамдар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге;
- 10) ақпарат берудің сапасы мен уақтылығына ішкі бақылау жүргізуге;
- 11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнамасын сақтауға;
- 12) қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатқызылмайтын ашық деректер интернет-порталында ашық деректер түріндегі ақпаратты тұрақты негізде орналастыруға;
- 12-1) құзыреті шегінде ашық деректердің, ашық бюджеттердің және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың интернет- порталдарында орналастырылатын ақпаратты уақтылы жаңартып отыруға;
- 13) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

2-1. Осы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат иеленушілердің ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге ішкі мониторингті және оны үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті құрылымдық бөлімшесінің болуы немесе ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі уәкілетті адамды тағайындауы міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген міндеттерге қосымша ретінде орталық атқарушы органдардың (Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Сыртқы істер министрліктерін қоспағанда) басшылары, әкімдер және ұлттық жоғары оқу орындарының басшылары халық алдында атқарылған жұмыс туралы есеп беруге міндетті.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 06.04.2016 № 484-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.10.2023 № 31-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 10-бап. Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету тәсілдері

Ақпаратқа қол жеткізу мынадай тәсілдермен қамтамасыз етіледі:

- 1) сұрау салу бойынша ақпаратты беру;
- 2) ақпарат иеленушілер орналасқан үй-жайларда және осы мақсаттарда бөлініп берілген өзге де орындарда ақпаратты орналастыру;
- 3) ашық отырыстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- 4) орталық атқарушы органдар (Қазақстан Республикасының қорғаныс, сыртқы істер министрліктерін қоспағанда) басшыларының, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептерін тыңдау және талқылау;
- 5) ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру;
- 6) ақпаратты ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында орналастыру;
- 7) ақпаратты "электрондық үкімет" веб-порталының тиісті құрамдастарында орналастыру;
- 7-1) ақпарат иеленушілердің ашықтық стандартын сақтау;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 06.04.2016 № 484-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.10.2023 № 31-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 11-бап. Сұрау салу бойынша ақпарат беру

1. Сұрау салу бойынша ақпарат тегін беріледі.

Ескертпе!

ҚР Конституциялық Сотының 26.12.2023 № 39 нормативтік қаулысын қараңыз.

2. Қол жеткізу шектелген ақпаратты қоспағанда, сұрау салу бойынша кез келген ақпарат беріледі.
3. Сұрау салу құзыретіне сұратылатын ақпаратты беру кіретін ақпарат иеленушіге жіберілуге тиіс.

Сұрау салу ауызша немесе жазбаша нысанда, оның ішінде электрондық құжат түрінде берілуі мүмкін.

4. Ақпарат пайдаланушы өзі келіп немесе телефон арқылы ауызша сұрау салып өтініш жасай алады.

Ауызша сұрау салуға мынадай ақпарат бойынша жауап беріледі:

1) ақпарат иеленушінің жұмыс кестесі;

2) ақпарат иеленушілердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдарының және ведомстволық бағынысты ұйымдарының пошта мекенжайы, электрондық поштасының және (немесе) интернет-ресурстарының мекенжайы, анықтама қызметтерінің телефондары, сондай-ақ олардың басшылары туралы мәліметтер;

3) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау тәртібі;

4) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, сұрау салуларын, арыздарын және шағымдарын қарau тәртібі;

5) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі;

6) сот істерін қарau кестелері;

7) ашық конкурстық сауда-саттықтар (аукциондар, тендерлер) өткізу күні мен орны туралы мәліметтер;

8) жергілікті қоғамдастық жиынын, жергілікті қоғамдастық жиналышын шақыру уақыты, орны және талқыланатын мәселелер;

9) ақпарат иеленуші құрған бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәліметтер ( болған жағдайда);

10) бос лауазымдардың бар екендігі туралы ақпарат алу үшін телефон нөмірлері.

Ауызша сұрау салуға жауап берілген жағдайда, жауапты берген адамның есімі мен лауазымы көрсетіледі.

5. Жазбаша сұрау салуда:

1) ақпаратты сұрататын жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) заңды тұлға атынан жүгіну кезінде – заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, сұрау салудың шығыс нөмірі және күні, оған қол қойған адамның тегі, аты-жөні мен лауазымы көрсетіледі.

Сұрау салуда пошта мекенжайы немесе электрондық поштасының мекенжайы, телефон немесе телефакс нөмірі, өзге де байланыс құралдары көрсетілуге тиіс.

Жазбаша сұрау салуға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қоюға тиіс. Электрондық құжат түріндегі сұрау салу электрондық цифрлық қолтаңбамен қуәландырылуға тиіс.

Мемлекет жұз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы жіберілген электрондық нысандағы сұрау салу жазбаша сұрау салуға теңестіріледі.

Ақпарат пайдаланушының "электрондық үкіметтің" веб-порталында есепке алу жазбалары болған және оған ұялы байланыс операторы берген ақпарат пайдаланушының абоненттік нөмірі қосылған жағдайда мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы жіберілетін сұрау салуға оның қол қоюы талап етілмейді.

6. Ақпарат иеленушіге тікелей өтініш жасаған және жазбаша нысанда сұрау салу берген ақпарат пайдаланушыға күні мен уақыты, сұрау салуды қабылдаған адамның тегі және инициалдары көрсетілген талон беріледі.

7. Анонимдік сұрау салуларды қоспағанда, осы Занда белгіленген тәртіппен берілген жазбаша сұрау салулар міндепті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады.

8. Жазбаша сұрау салулар жеке немесе заңды тұлғаның өкілдері арқылы енгізілуі мүмкін. Өкілдікті ресімдеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

9. Көпшілікке қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы келіп түскен және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін сұрау салулар осы Занда белгіленген тәртіппен қаралуға жатады.

10. Жазбаша сұрау салуға жауап ақпарат иеленушіге сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде беріледі.

Сұратылатын ақпарат бірнеше ақпарат иеленушінің құзыретіне кіретін және жазбаша сұрау салуға жауап беру кезінде өзге де ақпарат иеленушілерден ақпарат алу талап етілетін жағдайларда, ақпарат иеленушінің басшысы қарау мерзімін күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге бір рет ұзартуы мүмкін, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде ақпарат пайдаланушыға хабар беріледі

11. Құзыретіне сұратылатын ақпарат беру кірмейтін ақпарат иеленушіге келіп түскен жазбаша сұрау салу ол келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тиісті ақпарат иеленушіге жіберіледі, бір мезгілде бұл туралы сұрау салуды жіберген ақпарат пайдаланушы хабардар етіледі.

12. Жазбаша сұрау салуға жауап өтініш жасалған тілде ақпарат пайдаланушының таңдауы бойынша қағаз және (немесе) электрондық нысандарда беріледі.

Ауызша сұрау салуға жауап өтініш жасалған тілде ауызша нысанда беріледі.

13. Егер жазбаша сұрау салуға жауап көшірме жасауды немесе басып шығаруды көздейтін болса, онда ақпарат пайдаланушы ақпарат иеленушінің көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсаған нақты шығындарын өтеуге міндепті.

Көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындардың мөлшерлері және оларды төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына

таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында міндettі түрде жариялануға және ақпарат иеленушілердің интернет-ресурстарында орналастырылуға жатады.

Халықтың әлеуметтік осал топтары көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмысалатын нақты шығындарды төлеуден босатылады.

14. Жазбаша сұрау салуға жауапта ақпарат иеленушінің атауы, пошта мекенжайы, жауапқа қол қойған адамның лауазымы, сұрау салудың тіркелген күні және нөмірі көрсетіледі.

15. Егер сұратылатын ақпарат осы Заңда белгіленген тәртіппен орналастырылса, онда ақпарат иеленуші ақпарат пайдаланушыға сұратылатын ақпаратқа қол жеткізу тәсілдері мен орны туралы мәліметтерді бір мезгілде жібере отырып, бұл туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

Қайталап өтініш жасалған кезде, ақпарат иеленуші сұратылатын ақпаратты осы бапта көзделген тәртіппен береді.

16. Ақпаратқа қол жеткізуден:

- 1) егер сұрау салу мазмұны сұратылатын ақпаратты анықтауға мүмкіндік бермесе;
- 2) егер сұрау салу осы Заңның талаптарына сәйкес келмесе;

**Ескерте!**

**ҚР Конституциялық Сотының 26.12.2023 № 39 нормативтік қаулысын қараңыз.**

- 3) егер сұратылатын ақпарат қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатқызылса;

4) егер сұрау салуда ақпарат иеленуші қабылдаған актілерді құқықтық бағалау, ақпарат иеленушінің не оған ведомствоның бағынысты органдар мен ұйымдардың қызметіне талдау жүргізу немесе өзге де талдамалық жұмысты жүргізу аяқталғанға дейін ол туралы мәселе қойылса;

5) мемлекеттік бақылау және қадағалау шеңберінде жүргізілетін тексерулер нәтижелері бойынша шешімдер қабылданғанға дейін;

6) ведомствоаралық және ведомствоішілік хат-хабар алмасу негізінде немесе мемлекеттік органдардағы кеңестер негізінде тұжырымдалатын түпкілікті шешімдер қабылданғанға дейін;

7) шет мемлекеттерден немесе халықаралық ұйымдардан келіп түскен құжаттарды ашу шарттары туралы өзара келісім қабылданғанға дейін бас тартылады.

17. Жазбаша сұрау салу бойынша ақпарат беруден бас тарту туралы уәжді жауап сұрау салу тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ақпарат пайдалануышының назарына жеткізіледі.

18. Сұрау салулармен жұмысты ұйымдастыруға, оларды қабылдаудың, тіркеудің, есепке алушың және қараудың жай-қүйі үшін ақпарат иеленушілердің басшылары жеке жауапты болады.

**Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

**30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

## **12-бап. Ақпарат иеленушілер орналасқан үй-жайларда ақпаратты орналастыру**

1. Ақпарат иеленушілер өздері орналасқан үй-жайларда өз қызметі туралы ақпараты бар ақпараттық стендтерді және (немесе) ұқсас мақсаттағы басқа да техникалық құралдарды орналастырады және мүгедектігі бар адамдардың оларға еркін қол жеткізуіне жағдайлар жасайды.

Қызметі қоғамдық тәртіпті сақтаумен және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты ақпарат иеленушілер өз қызметі туралы ақпараты бар ақпараттық стендтерге және (немесе) ұқсас мақсаттағы басқа да техникалық құралдарға тәулік бойы еркін қол жеткізуі қамтамасыз етуге міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпарат:

- 1) жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдау тәртібін қоса алғанда, ақпарат иеленушінің жұмыс тәртібін;
- 2) ақпарат алу шарттары мен тәртібін;
- 3) өзге де мәліметтерді қамтиды.

**Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

## **13-бап. Ашық отырыстарға қол жеткізуіндегі қамтамасыз ету**

1. Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және орталық атқарушы органдар мен облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары алқалы органдарының отырыстары жабық отырыстарды, сондай-ақ құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың отырыстарын қоспағанда, ашық және ақпарат пайдаланушыларға қолжетімді болып табылады.

2. Қол жеткізу шектелген ақпарат санатына жататын мәселелерді қарау кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де жағдайларда отырыстар ақпарат пайдаланушылардың қатысуының жабық режимде өткізуі мүмкін

3. Ақпарат пайдаланушылардың Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырыстарына қол жеткізу тәртібі олардың регламенттерінде айқындалады.

Ақпарат пайдаланушылардың орталық атқарушы органдар мен облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары алқалы органдарының

отырыстарына қол жеткізу тәртібі ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган бекітетін ақпарат иеленушілердің отырыстарына қол жеткізу қағидаларында айқындалады.

4. Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары, Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органдары ашық отырыстарды, ал мемлекеттік органдар – жыл қорытындысы бойынша өткізілетін алқаларды онлайн режимде трансляциялауды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда – ҚР 02.10.2023 № 31-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.**

#### **14-бап. Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептері**

Орталық атқарушы органдардың (Қазақстан Республикасының қорғаныс, сыртқы істер министрліктерін қоспағанда) басшылары, әкімдер және ұлттық жоғары оқу орындарының басшылары жылына бір реттен сиретпей атқарылған жұмыс туралы халық алдында есеп береді.

Есепті кездесулерді өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

**Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 06.04.2016 № 484-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **15-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат орналастыру**

Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **16-бап. Интернет-ресурстарда ақпарат орналастыру**

1. Ақпарат иеленушілер интернет-ресурстарды мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділіктің қамтамасыз етілуін ескере отырып жасайды.

Жасалған интернет-ресурстар ұлттық стандартқа сәйкес келуге тиіс.

2. Осы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат иеленушілер интернет-ресурстарды мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында орналастырады.

3. Осы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат иеленушілер өз құзыреті шегінде интернет-ресурстарда:

1) қызметі туралы жалпы ақпаратты:

ұйымдық құрылымын, басшылары мен олардың орынбасарлары туралы мәліметтерді;

анықтама қызметтерінің, құрылымдық бөлімшелердің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың байланыс деректерін (пошталық мекенжайын, электрондық поштасының мекенжайын, телефон нөмірлерін);

құрылымдық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың тізбесін, олардың міндеттері мен функцияларын, сондай-ақ басшылары мен олардың орынбасарлары туралы мәліметтерді;

аумақтық органдардың тізбесін, олардың міндеттері мен функцияларын, сондай-ақ басшылары мен олардың орынбасарлары туралы мәліметтерді;

құзыретін, өкілеттіктерін, міндеттері мен функцияларын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді;

ресми жаңалықтарды, баспасөз релиздерін;

жаңалықтар легін;

қызметіндегі алдағы ресми оқиғалардың күнтізбелерін;

басшылары мен олардың орынбасарларының ресми сөйлейтін сөздерінің және ресми мәлімдемелерінің мәтіндерін;

құрылған бұқаралық ақпарат құралдары туралы (болған кезде) мәліметтерді;

2) нормашығармашылық қызмет туралы ақпаратты:

қабылданған нормативтік құқықтық актілер тізбесін;

әзірленетін реттеушілік саясат консультативтік құжаттарының, нормативтік құқықтық актілер жобаларының оларға түсіндірме жазбаларымен (олар болған кезде) және салыстырма кестелерімен (нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда) бірге мәтіндерін, ғылыми сараптамалардың қорытындылары мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің сараптама қорытындыларын (олар болған кезде), оларды жария талқылаудың аяқталғаны туралы есептерді;

халықты нормативтік құқықтық актілердің жобаларына жария талқылаулар өткізу мерзімдері туралы хабардар етуге бағытталған ақпараттық хабарларды, баспасөз релиздерін;

3) бюджет қаражаты туралы ақпаратты:

республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын;

бекітілген республикалық және жергілікті бюджеттерді;

мемлекеттік органның жұмыс істеуіне бөлінген бюджет қаражатының жалпы сомасы туралы ақпаратты;

республикалық және жергілікті бюджеттер, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатының пайдаланылуы туралы ақпаратты;

бюджеттік есептілікті;

шоғырландырылған қаржылық есептілікті;

мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау нәтижелерін;

азаматтық бюджетті;

халықты бюджеттік бағдарламалардың жобаларына және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерге жария талқылаулар өткізу мерзімдері туралы хабардар етуге бағытталған ақпараттық хабарларды, баспасөз релиздерін;

4) ағымдағы қызметі туралы ақпаратты:

мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын және оның іске асырылуы туралы есепті;

аумақтарды дамыту бағдарламаларын және олардың іске асырылуы туралы есептерді;

мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, тұжырымдамаларды, доктриналарды, стратегияларды, тиісті саланы дамыту жоспарларын, сондай-ақ олардың іске асырылуы туралы есептерді;

саланың (аяның) жай-күйін және даму серпінін сипаттайтын статистикалық ақпарат пен көрсеткіштерді;

жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ өздерінің жүргізуіндегі ведомстволық дерекқорлардың (деректер банктерінін), тізілімдердің, тіркелімдердің, кадастрлардың тізбесін;

қызметі туралы талдамалық баяндамалар мен шолуларды, сондай-ақ атқарылған жұмыс туралы есептер мен баяндамаларды;

алқалы органдардың ашық отырыстарының стенограммаларын және (немесе) хаттамаларын;

мемлекеттік орган жұмыс органы болып табылатын консультативтік-кеңесші органдардың (кеңестердің, комиссиялардың) қызметі туралы ақпаратты;

мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау қорытындыларын;

5) кадрлармен қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ақпаратты:

Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке кіру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді;

"Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға жарияланған конкурс туралы мәліметтерді;

"Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын;

персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) бос лауазымдарға орналасу мәселелері бойынша консультация беруге уәкілеттік берілген жұмыскерлерінің байланыс деректерін (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы);

6) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы ақпаратты:

мемлекеттік қызметтер көрсетеу тәртібін айқындайтын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді;

мемлекеттік органның мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері жөніндегі қызметі туралы жыл сайынғы есепті;

мемлекеттік қызметтер көрсетеу тәртібін айқындайтын, әзірленетін занға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, сондай-ақ оларды жария талқылаудың аяқталғаны туралы есептерді;

мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын қофамдық мониторингтеу нәтижелерін;

мемлекеттік қызметтер көрсетеу нәтижесіне шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты;

7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы ақпаратты;

8) халықаралық ынтымақтастық саласындағы ақпаратты:

қызметіне мемлекеттік орган қатысатын халықаралық ұйымдардың тізбесін;

жасалған (қол қойылған) халықаралық шарттар мен келісімдердің тізбелерін және мәтіндерін;

шет мемлекет, халықаралық немесе шетелдік ұйым және (немесе) қор берген, алынған және пайдаланылған гранттар туралы мәліметтерді;

мемлекеттік органның халықаралық шарттар мен халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларын іске асыруға қатысуы туралы мәліметтерді;

мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша халықаралық ұйымдардың қорытындыларын, сараптамалық бағалауларын, ұсынымдарын және басқа да талдамалық материалдарын;

халықаралық ынтымақтастық саласындағы өзге де мәліметтерді;

9) мемлекеттік сатып алу саласындағы ақпаратты:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерін;

мемлекеттік сатып алушының жылдық жоспарын;

өткізу шарттарын, оларға әлеуетті өнім берушілердің қатысу тәртібін қоса алғанда, мемлекеттік орган ашық конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату, бір көзден сатып алу тәсілдерімен, сондай-ақ тауар биржалары арқылы жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты, мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаларды, тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алушының ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алушы бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау тәртібін;

10) рұқсат беру әрекеттерін (лицензиялау, аккредиттеу, тіркеу және басқалар) жүзеге асыру тәртібін;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер ескеріле отырып, мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдары жүргізген тексерулердің

нәтижелері туралы, сондай-ақ мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдарында жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпаратты;

12) жеке көсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпаратты;

13) жүргізілген әлеуметтанушылық, талдамалық және өзге де зерттеулердің, сондай-ақ халыққа жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері туралы деректерді;

14) халықпен жұмыс жөніндегі ақпаратты:

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау графигін;

өтініштер мен сұрау салуларды қарау нәтижелері бойынша шешімдерге және (немесе) әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағым жасау тәртібін қоса алғанда, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау, сондай-ақ өтініштер мен сұрау салуларды қарау мәселелері бойынша ақпарат алуға мүмкіндік беретін уәкілетті адамдардың байланыс деректерін (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы);

Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік орган қарауға қабылдайтын өтініштер мен сұрау салулардың үлгілерін;

14-1) азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың тиісті салалардағы құқықтары мен міндеттері туралы ақпаратты;

15) келіп тұсken сұрау салуларды жинақтап қорыту және талдау нәтижелері бойынша ақпарат пайдаланушылар бірнеше рет сұрататын ақпаратты;

16) орналастыру міндеті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де ақпаратты немесе орналастыруды мемлекеттік орган қажет деп санайтын ақпаратты орналастыруға міндетті.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтермен қатар архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган өзінің интернет-ресурсында Ұлттық архив қорының құжаттары және оны жинақтау көздері туралы мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қор каталогын орналастырады.

5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтермен қатар Қазақстан Республикасы соттарының интернет-ресурстарында сондай-ақ:

1) ашық қол жеткізуде орналастыруға жатпайтындарды қоспағанда, сот актілері;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер ескеріле отырып, сот істерін қарау графиктері орналастырылуға тиіс.

6. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтермен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының интернет-ресурстарында сондай-ақ:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есеп;

2) жергілікті қоғамдастық жиынын, жиналысын шақыру уақыты, орны және талқыланатын мәселелер;

3) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жиналысының хаттамалары, сондай-ақ оларда қабылданған шешімдер орналастырылуға тиіс.

7. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің интернет-ресурстарында:

1) қызметі туралы жалпы ақпарат:

тариҳы;

ұйымдық құрылымы;

басшылығы туралы мәліметтер;

қызметі туралы мәліметтер;

консультативтік-кеңесші органдардың (болған кезде) қызметі туралы ақпарат;

байланыс деректері (анықтама қызметтерінің, құрылымдық бөлімшелердің, аумақтық өкілдіктердің (болған кезде) пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірлері);

2) бос лауазымдар жөніндегі ақпарат:

жарияланған бос лауазымдар;

бос лауазымдарға орналасу үшін кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары;

бос лауазымдар туралы ақпарат алу үшін телефон нөмірлері;

3) ресми жаңалықтар, баспасөз релиздері, алдағы оқиғалардың күнтізбелері;

4) қаржылық есептілік, республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттың жұмсалуы туралы ақпарат, азаматтық бюджет;

5) өздерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізілетін мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер;

7) халықаралық ынтымақтастық саласындағы ақпарат;

8) келіп түскен сұрау салуларды жинақтап қорыту және талдау нәтижелері бойынша ақпарат пайдаланушылар бірнеше рет сұрататын ақпарат;

9) жүргізілген әлеуметтанушылық, талдамалық және өзге де зерттеулердің, сондай-ақ халыққа жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері туралы деректер;

10) өздерінің жүргізуіндегі дерекқорлардың (деректер банктерінің), тізілімдердің, тіркелімдердің, кадастрлардың тізбесі;

11) "Сұрақ-жауап" сервисі;

12) жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау графигі;

13) өтініштер мен сұрау салуларды қарау нәтижелері бойынша шешімдерге және (немесе) әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағым жасау тәртібін қоса алғанда, жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау, сондай-ақ өтініштер мен сұрау салуларды қарау мәселелері бойынша ақпарат алуға мүмкіндік беретін үәкілдегі адамдардың байланыс деректері (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты

куәландыратын құжатта көрсетілсе), телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы);

14) Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қарауға қабылданатын өтініштер мен сұрау салулардың үлгілері;

15) орналастыру міндеті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де ақпарат немесе орналастыруды мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеме қажет деп санайтын ақпарат орналастырылуға тиіс.

8. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің интернет-ресурстарында:

1) қызметі туралы жалпы ақпарат:

тарихы;

ұйымдық құрылымы;

басшылығы туралы мәліметтер;

қызмет түрлері;

даму стратегиясы, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспары;

консультативтік-кеңесші органдардың (болған кезде) қызметі туралы ақпарат;

анықтама қызметтерінің, құрылымдық бөлімшелердің, аумақтық өкілдіктердің және еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың байланыс деректері (пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірлері);

2) бос лауазымдар жөніндегі ақпарат:

жарияланған бос лауазымдар;

бос лауазымдарға орналасу үшін кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары;

бос лауазымдар туралы ақпарат алу үшін телефон нөмірлері;

3) ресми жаңалықтар, баспасөз релиздері, алдағы оқигалардың күнтізбелері;

4) қаржылық есептілік, сондай-ақ респубикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттың жұмсалуы туралы ақпарат;

5) еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың қызметі туралы ақпарат;

6) қызметін регламенттейтін нормативтік құжаттар;

7) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу туралы ақпарат;

8) халықаралық ынтымақтастық саласындағы ақпарат;

9) статистикалық көрсеткіштер және қызметінің нәтижелері;

10) атқарылған жұмыс туралы талдамалық есептер мен баяндамалар;

11) жүргізілген әлеуметтанушылық, талдамалық және өзге де зерттеулердің, сондай-ақ халыққа жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері туралы деректер;

12) келіп түсken сұрау салуларды жинақтап қорыту және талдау нәтижелері бойынша ақпарат пайдаланушылар бірнеше рет сұрататын ақпарат;

13) өздерінің жүргізуіндегі дерекқорлардың (деректер банктерінің), тізілімдердің, тіркелімдердің, кадастрлардың тізбесі;

14) "Сұрақ-жауап" сервисі;

15) жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау графигі;

16) өтініштер мен сұрау салуларды қарау нәтижелері бойынша шешімдерге және (немесе) әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағым жасау тәртібін қоса алғанда, жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау, сондай-ақ өтініштер мен сұрау салуларды қарау мәселелері бойынша ақпарат алуға мүмкіндік беретін уәкілетті адамдардың байланыс деректері (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы);

17) Қазақстан Республикасының зандарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қарауға қабылданатын өтініштер мен сұрау салулардың үлгілері;

18) орналастыру міндеті Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген өзге де ақпарат немесе орналастыруды квазимемлекеттік сектор субъектісі қажет деп санайтын ақпарат орналастырылуға тиіс.

9. Бюджет қаражатын алушылардың интернет-ресурстарында республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген бюджет қаражатын пайдалануға қатысты және қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатқызылмаған ақпарат орналастырылады.

10. Монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің интернет-ресурстарында монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері өндіретін және өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) баға белгілеу мәселелерін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ олар өндіретін (өткізетін) тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар орналастырылады.

11. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылардың интернет-ресурстарында мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асыруға қатысты ақпарат орналастырылады.

12. Өзінің интернет-ресурсында ақпарат орналастыруға техникалық мүмкіндігі жоқ ақпарат иеленуші оны жергілікті атқарушы органынң интернет-ресурсында орналастырады.

13. Ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында жаңалықтар легін жаңарту күн сайын жүзеге асырылуға тиіс, өзге бөлімдерді жаңарту ақпарат алынған немесе құрылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

14. Интернет-ресурстағы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде берілуге тиіс. Ақпарат иеленушінің интернет-ресурсының басқа тілдердегі нұсқалары да болуы мүмкін.

14-1. Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің интернет-ресурстары көру және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдардың пайдалануы үшін бейімделуге тиіс.

15. Ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында қол жеткізу шектелген ақпарат орналастырылуға жатпайды.

16. Интернет арқылы нормативтік құқықтық актілерге тегін қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы да қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.03.2021 № 15-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 17-бап. "Электрондық үкіметтің" веб- порталында ақпарат орналастыру

1. Ақпарат пайдаланушылар осы Заңға сәйкес ақпарат иеленушілер "электрондық үкімет" веб- порталының құрамдастарында мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділіктің қамтамасыз етілуін ескере отырып орналастыратын ақпаратты ала алады және пайдалана алады, сондай-ақ "электрондық үкімет" веб- порталында тіркелген не "электрондық үкімет" веб- порталының құрамдастарында авторландырылған жағдайда оны талқылауға қатыса алады.

2. Ашық деректердің интернет- порталында осы Заңның 8-бабының 1), 2), 3) және 7) тармақшаларында көрсетілген ақпарат иеленушілер ашық деректерді орналастырады.

Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы халқының ашық деректерге қажеттіліктері туралы қоғамдық пікірді сұрау нәтижелері бойынша ашық деректердің интернет- порталында орналастыру үшін ақпарат иеленушілерден ашық деректерді сұратуға құқылы.

Ақпарат иеленушілер ақпаратты ашық деректердің интернет- порталында өз бастамасы бойынша да орналастыруға құқылы.

3. Ашық бюджеттердің интернет- порталында осы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат иеленушілер бюджеттік есептілікті, шоғырландырылған қаржылық есептілікті, азаматтық бюджетті, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау нәтижелерін орналастырады, сондай-ақ бюджеттік

бағдарламалардың жобаларына және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерге жария талқылау өткізеді.

4. Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жібергенге дейін реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттарын және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын оларға түсіндірме жазбаларымен және салыстырма кестелерімен (зандарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда) бірге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидаларында көзделген өзге де ақпаратты жария талқылау үшін орналастырады. Жария талқылау нәтижелері бойынша есептер де ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет- порталында орналастырылады.

Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет- порталында ақпарат орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет- порталында осы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат иеленушілер өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың қызметін бағалау туралы ақпаратты, стратегиялық жоспарлардың және аумақтарды дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына қол жеткізу туралы есептерді орналастырады, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметіне жария талқылау өткізеді.

6. Ашық диалогтың интернет- порталында осы Заңның 8-бабының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген ақпарат иеленушілер интернет-конференциялар мен сауалнамалар өткізеді, сондай-ақ 3) тармақшада көрсетілген ақпарат иеленушілер, мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы келіп түскен сұрау салуларға жауап береді.

**Ескерту.** 17-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.03.2021 № 15-VII (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
**Зандарымен.**

## **17-1-бап. Ақпарат иеленушілердің ашықтық стандарты**

Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген, ақпаратқа қол жеткізуді және ақпарат иеленушілер қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған ең тәмен талаптар жүйесі ақпарат иеленушілердің ашықтық стандарты болып танылады.

**Ескерту. 17-1-баппен толықтырылды – КР 02.10.2023 № 31-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **18-бап. Ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне шағым жасау**

1. Ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

2. Лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ мемлекеттік органдардың шешімдеріне шағым азаматқа тиісті лауазымды адамның немесе органның әрекет жасағаны немесе шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап үш айдан кешіктірілмей беріледі.

**Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - КР 29.06.2020 № 351-VI Заңымен (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **19-бап. Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия**

Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ ақпарат пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган жанынан консультативтік-кеңесші орган – Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия құрылады.

Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қоғамдық мүдделер деп ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу мен таратуға әркімнің конституциялық құқығын іске асырудың қолайлы жағдайларын, нысандарын, тетіктері мен тәсілдерін жасау түсініледі.

Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның қызметі өзінің құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау және шешу кезінде ашықтық пен бүкпесіздік негізінде жүзеге асырылады.

Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның отырыстары тоқсанына бір реттен сиретпей, тоқсанның соңғы айының соңғы онкүндігінде өткізіледі.

**Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда – КР 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **20-бап. Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

#### **21-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 10-баптың 3) тармақшасын және 17-баптың 5-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*H. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК